

**Докторант Агабекова Ақтолқын Бекарысқызының 6D072100-  
«Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы  
бойынша PhD доктор дәрежесін алуға ұсынған «Түрлендірілген битум  
негізінде лак-бояу материалдарын алу технологиясын құрастыру» атты  
диссертациялық жұмысына ғылыми жетекшісінің  
ШҚІРІ**

Агабекова Ақтолқын Бекарысовна 2017 жылы М Әуезов атындағы ОҚМУ-нің 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша докторантураға түсін, 2020 жылы толық курсын сәтті бітіріп шықты.

Соңғы жылдары бояулар мен лактардың ассортименти едәуір кеңейде. Мұнай және газ өнеркәсібінде лак-бояу жабындарын практикалық қолдануға байланысты мәселелерді шешу кезінде олардың қасиеттері мен қолдану аясын ғана емес, сонымен қатар жабдықтардың әртүрлі түрлерінің қолдану технологиясын да білу қажет. Бұл полимерлі жабындарды таңдауды жеңілдетеді, оларды тиімді пайдалануға ықпал етеді. Битум бояуларының болашағы жақсы екенін атап өткен жөн, өйткені олардың қасиеттері беттік белсенді заттарды, коррозия ингибиторларын, кейбір полимерлер мен олигомерлерді енгізу арқылы айтарлықтай жақсаруы мүмкін. Мұның бәрі майға деген қажеттілікті азайтады және битумды бояулар мен лактардың сапасын жақсарту кезінде бұл бояуларды қол жетімді және бағасын арзан етеді. Жұмыс зерттеудің фундаменталды бағдарламасының шеңберінде орындалды: ГБ-16-03-05 «Мұнай ондеу зауытының құбырлары мен қондырғыларын антикоррозиялық қорғалуы үшін комбинирленген лак-бояу қабатын алудың технологиясын әзірлеу» (2015-2020жж.).

А.Б.Агабекова жұмысының ғылыми маңыздылығы модификацияланған битумдар негізінде лак-бояу материалдарын әзірлеу бойынша тиісті зерттеулер жүргізуден және бұл түрлендірілген отандық битумдар негізінде жаңа лак-бояу материалдарын жасау және пайдалану қасиеттері жақсартылған битумдық лак-бояу материалдарының рецептураларын әзірлеуден тұрады. Әртүрлі сипаттағы түрлендірілген қоспалардың битумдық лак-бояу материалдарының пайдалану қасиеттеріне әсер ету заңдылықтары айқындалып, ҚҒ пайдалы моделіне 1 патент «Минералды толтырғышы бар битумдық композиция» патенті алынды.

Алынған нәтижелердің практикалық құндылығы бастапқы шикізатты - битумды лак-бояу материалдарын алу үшін отандық мұнай битумдарын пайдалану; өндіру технологиясының параметрлерін таңдауды негіздеу және битумды лак-бояу материалдарының рецептураларын олардың құрамдас компоненттерін түрлендіре отырып жасау; температураның кең диапазонында тұрақты адгезияны қамтамасыз ететін Құлантау вермикулитін антикоррозиялық битумды лак құрамында пайдалану, жағу алдында металл бетін дайындаудың жоғары дәрежесін талап етпейтін ұзақ уақыт пайдалану кезінде жоғары иілгіштікті және қорғау қасиеттерін сақтау; жоғары пайдалану қасиеттері бар антикоррозиялық битумды лак-бояу материалдарын алу, олар магистральдық және мұнай, газ құбырлары мен

эртүрлі мақсаттағы құбырлар мен резервуарлардың сыртқы беттерін коррозиядан қорғау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Алынған нәтижелердің сенімділігі зерттеу жүргізудің заманауи құралдары мен әдістерін қолданумен қамтамасыз етілген, мұнай дисперсті жүйелер теориясының іргелі ережелеріне негізделген бұрын жүргізілген эксперименттік зерттеулермен ғылыми-техникалық әдебиеттерді талдаумен расталған.

Докторантурада оқу кезінде Агабекова А. Б. өзін белсенді зерттеуші, эрудицияланған, жауапты және еңбекқор маман ретінде көрсетті.

Шетелдік деректер көзімен жұмыс жасап, мақалаларын шетелдік рецензирленген баспаларға жариялауға мүмкіндік берген А.Б. Агабекованың ағылшын тілін жоғары деңгейде меңгергендігінде айта кету керек А.Б. Агабекованы ерекшелендіретін қасиеттері болып, оның ынтасы, ұқыптылығы, эрудициялылығы, жұмысына қызығушылығы, үнемі кәсіби дағдыларын жетілдіріп отыратыны табылады. Ол зерттеу міндеттерін өз бетінше қоюға және оларды заманауи әдістермен шешуге қабілетті.

Диссертациялық зерттеудің негізгі қорытындылары 14 баспа басылымдарында жарияланды: оның ішінде Scopus және Thomson Reuters Web of Science, Egyptian Journal of Chemistry (Египет), Rasayan journal of chemistry (Үндістан) деректер базасына енгізілген халықаралық ғылыми басылымда жарияланған 2 мақала, 3 мақала Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті ұсынған журналдарда; 8 мақала халықаралық және республикалық ғылыми семинарлар мен конференциялардың материалдары мен тезистерінде, оның ішінде 3 мақала шетелдік конференция материалдарында жарияланған; ҚР пайдалы моделіне «Минералды толтырғышы бар битумдық композиция» атты 1 патент алынды.

Жалпы, А.Б. Агабекованың диссертациясы ғылыми жаңалығы да, практикалық маңызы да бар аяқталған, дербес біліктілік жұмысы болып табылады, оның қолданылуы маңызды қолданбалы міндетті шешуді қамтамасыз ететін жаңа ғылыми негізделген нәтижелерді қамтиды. Диссертацияның тұжырымдары мен ұсыныстары жеткілікті негізделген. Тақырыптың өзектілігіне, нәтижелердің ғылыми және практикалық құндылығына, орындалған зерттеулердің көлеміне, негізгі ережелердің, нәтижелер мен тұжырымдардың жариялануының толықтығына сәйкес диссертация «Ғылыми дәрежелер беру Ережелерінің» талаптарына сәйкес келеді және 6D072100 – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (Ph.D) дәрежесін алу үшін қорғауға ұсынуға болады

**Ғылыми консультант,**

**техника ғылымдарының докторы**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ «Мұнай өңдеу**  
**және мұнай химиясы» кафедрасының**  
**профессоры**



**Сырманова К.К.**